

СІЗДІҢ МӘСІХШІЛІК ӨМІРІҢІЗ ҚАЛАЙ БІЗ МӘСІХШІ БОЛА АЛАМЫЗ

Киелі кітапта басты орындағы ең үлкен тақырып — бұл Құдайдың сізге және бүкіл адамзатқа арналған сүйіспеншілігі. Құдайдың сүйіспеншілігі бізге Иса Мәсіхтің жерге адам бейнесінде келіп, күнәсіз өмір сүруі және айқыш ағашта өліп, қайта тірілуі арқылы ашылды. Иса Мәсіхтің өлімі арқылы сіздің күнәларыңыз кешірілген және Ол өлімді жеңгендіктен, сіз мәңгілік өмірге иесіз. Сіз өлімнен кейін өзіңізбен не болатынын нақты біліп, сенімді бола аласыз. Мүмкін, сіз Құдай сүйіспеншілігі туралы Інжілден естіген шығарсыз. «Інжіл» деген сөздің жалпы мағынасы Ізгі хабарды білдіреді. Інжілдік Ізгі хабар — бұл Иса Мәсіхтің біздің кешірілуіміз үшін бәрін орындағанын, енді біз мәңгі өмір сүре алатынымызды баяндайды. Бірақ бұл кешірілу мен мәңгілік өмір сыйы сіздікі бола алмайды, егер де сіз оны қуанышпен қабыл алмасаңыз. Құдай мұның сіздің жеке жауапкершілігіңіз болғанын қалайды. Киелі кітаптағы аяттарды зерттегенде, осы процеске Құдай мен сіздің қатысыңыздың барын көре аламыз.

БІЗГЕ ҚҰДАЙДЫҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ КИЕЛІ КІТАПТАН АШЫЛАДЫ

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жохан 3:16).

Құдай сізді сүйеді. Ол сіздің өміріңізді жарылқап, мән–мағынаға толтыруды қалайды. Ол сізге тәндік өлімнен өткеннен кейін мәңгілікте жалғасатын өмір бергісі келеді.

БІЗ КҮНӘКАРМЫЗ

«Бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгіліген ұлылығынан құр алақан қалды» (Рим. хат 3:23).

Мүмкін сіз басқалардың: «мен жәй ғана адаммын, ешкімде кемелді емес», — деп айтқанын естіген боларсыз. Киелі кітаптың аяттары да біздің бәріміз күнәкар екенімізді айтады. Біз дұрыс емес екенін біле тұра, бұрыс істерді жасауды жалғастыра береміз. Сондықтан біз Құдайдан алыс екенімізді сеземіз. Өйткені Құдай — киелі әрі ізгі, ал біз күнәкар.

КҮНӘНІҢ ЖАЗАСЫ

«Күнәнің беретіні — өлім, ал Құдайдың беретін сыйы — Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы мәңгілік өмір» (Рим. хат 6:23).

Қылмыскерлер жасаған қылмыстары үшін жазаға тартылса, ал күнәкарлар өз күнәлары үшін жазасының құнын төлесе, бұл әділетті болады. Егер сіз күнә жасай берсеңіз, онда тек тәндік жағынан өліп қана қоймай, рухани өлімге кесіліп, киелі Құдайдан мәңгі ажырайтын боласыз. Кімде–кім Құдайдан бөлінуге шешім қабылдаса, сол тозақта мәңгілікті өткізетіні туралы Киелі кітап айтады.

ИСА БІЗДІҢ ЖАЗАМЫЗДЫҢ ҚҰНЫН ТӨЛЕДІ

«Дегенмен, әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді» (Рим. хат 5:8).

Киелі кітап Құдайдың жалғыз Ұлы, Иса Мәсіх біздің күнәларымыз үшін жазаланғанын айтады. Мүмкін сіз: Құдай мені сүйместен бұрын–ақ мен әділ өмір сүріп, игі істер жасап жүрдім деп ойладыңыз.

Бірақ Киелі кітап бұрын біз Тәңірге әлі қас болған кезде Оның рухани Ұлының өлімі арқылы Құдаймен татуласқанымызды айтады.

ҚҰТҚАРЫЛУ ТЕГІН БЕРІЛЕТІН СЫЙ

«Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл — өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый, сондықтан игі істеріңнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын» (Ефес. хат 2:8,9).

Рақым сөзінің мағынасы «бізге лайықсыз берілген мейірімділікті» білдіреді. Сіз өзіңізге кешірім мен мәңгі өмірді ешқашан да қамтамасыз ете алмайтыныңыз Құдай берген құрбандықтың мәнісін түсіндіреді. Құдайдың сыйы сіз үшін тегін. Бұл сыйды сіз өз игі істеріңізбен иемдене алмайсыз. Сіз істей алатын бір ғана нәрсе, бұл — Оның сыйын қуанышпен қабылдау. Иса Мәсіхтің сіз үшін өлгеніне бар жүрегіңізбен сеніңіз.

ИСА МӘСІХ СІЗДІҢ ЖҮРЕГІҢІЗДІҢ ЕСІГІН ҚАҒЫП ТҰР

«Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» (Аян 3:20).

Иса Мәсіх сенімен жеке қарым-қатынаста болғысы келеді. Көз алдыңызға Иса Мәсіхтің сіздің жүрегіңіздің есігін (бұл — сезім, ой сана және ерік есігі) қағып тұрған бейнесін елестетіңізші. Ол сіздің өз жүрегіңізге және өміріңізге Өзін шақырғанын күтеді.

СІЗ ОНЫ ШАҚЫРУЫҢЫЗ КЕРЕК

«Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті» (Жохан 1:12).

Сіз Мәсіхті жүрегіңізге қабылдаған кезде Құдайдың баласы болып, Онымен кез-келген уақытта мінажат арқылы әр түрлі тақырыпқа сөйлесе аласыз.

Мәсіхшілік өмір — ол Құдаймен Иса Мәсіх арқылы жеке қарым-қатынаста болу. Тағы да бір кереметі — бұл қарым-қатынас мәңгілікте жалғасын табатын болады. Осы жерде Ізгі хабар кешірілу және мәңгілік өмір туралы айтып жатқанын көреміз.

БІЗДІҢ МӘСЕЛЕМІЗ — ҚҰДАЙДАН БӨЛІНІП ҚАЛҒАНЫМЫЗДА

Құдай адамдарды Өз бейнесіне ұқсас жаратқан және бізге өмірге қуана білу қабілетін берген. Ол бізді еріксіз сүйіп, мойынсұнатын темірқалып сияқты жаратқан жоқ. Ол бізге таңдау еркін берді. Өкінішке орай, жер бетіндегі алғашқы адамдар Адам ата мен Хауа ана Құдайға мойынсұнбауды таңдап, өз еркімен жүруді қалады. Сол сәттен бастап бүкіл адамзат осы жолды таңдады. Біздің күнәні таңдап, өз жолымызбен жүруіміз — Құдайдан алыстап ажырап кеткенімізді білдіреді.

Біз
(Күнәкар)

Құдай
(Киелі)

Біз бәріміз күнәкарлар қатарына кіреміз. Киелі кітап былай дейді: «Бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгіліген ұлылығынан құр алақан қалды» (Рим.хат 3:23).

Бүкіл адамзат тарихында адамдар өздерінің Құдайдан алыста екенін сезінеді. Олар әр түрлі жолдарменен Құдайға апаратын көпірді тұрғызуға әрекет жасады, бірақ бәрі сәтсіз болды.

Біз (Күнәармыз)
Қайырымды істер
Дін
Пәлсапа
Мораль

Құдай (Киелі)

Осы мәселені шешудің бір ғана жол бар.

ҚҰДАЙДЫҢ ЖОЛЫ — АЙҚЫШ АҒАШ

Күнәкар адамзат пен киелі Құдайдың арасындағы бөлінуді жоятын жалғыз — Иса Мәсіх. Иса Мәсіх айқыш ағашта біздің күнәларымыз үшін өлген кезде, жазаларымыздың құнын төлеп, Құдай мен адамзат арасына көпір салды.

Біз Иса Құдай

Киелі кітап былай дейді:

«Құдай біреу ақ, Құдай мен адамдар арасын Келістіруші де Біреу, Ол адам болып дүниеге келген Иса Мәсіх» (Тимоте 1-хат 2:5).

«Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды» (Жохан 14:6).

Құдай жалғыз ғана жолды ұсынады, ал сіз таңдау жасауыңыз қажет: сол жолды қабылдайсыз ба, әлде бас тартасыз ба?

БІЗДІҢ ЖАУАБЫМЫЗ — МӘСІХТІ ҚАБЫЛДАУ

Біз кешіріліп, мәңгі өмірге ие болуымызды Иса Мәсіхке сеніп тапсыруымыз керек. Оны жүрегімізге шақырып, қабылдауымыз қажет.

Киелі кітапта жазылған: «Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардын бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті» (Жохан 1:12).

Сіз мына жақтасыз ба не осы жақтасыз ба?

Біз	Мәсіх	Құдай
Күнә		кешірім
Кінә		тыныштық
Ажырау		молшылық өмір
мақсатсыздық		мәңгі өмір
Мәңгі өлім		

Сізде Иса Мәсіхті дәл қазір қабылдамауға жеткілікті себеп бар ма?

Сізге не істеу керек:

1. Мұқтаждығыңызды *мойындау*. Сіз: «мен күнәкармын» — деп айта аласыз.
2. *Тәубе етіп*, күнәлардан бас тарту.
3. Иса Мәсіхтің айқыш ағашта сіз үшін өлгеніне *сену*.
4. Исаны Құтқарушы әрі Тәңір ретінде *қабылдау*. Оны мінажат етіп, өміріңізге кіруге шақырыңыз.

СОҢЫНАН МЫНА СИЫНУДЫ АЙТУҒА ШАҚЫРАМЫЗ:

Қымбатты Әке,

Мен күнәкар екенімді білемін және мен Сенің кешіруіңе мұқтажбын.

Мен Иса Мәсіх менің күнәларым үшін жазаланып өлгеніне сенемін.

Мен күнәларымнан бас тартамын.

Қазір мен Иса Мәсіхті өзімнің жүрегіме және өміріме Құтқарушым әрі Тәңірім ретінде шақырамын.

Мен Сенің көмегіңмен, Исаның сонынан еруге, Оған Құтқарушым деп мойынсұнып, өмір сүруге дайынмын.

МЕНИҢ ЖЕКЕ ШЕШІМІМ

Мен _____ (тегі, атыңыз) _____ күні _____ айы _____ жылы Иса Мәсіхті

Құтқарушым әрі Тәңірім деп қабылдаймын.

Киелі кітап былай дейді: «Себебі Иемізге сиынған әркім құтқарылады деп те жазылған» (Рим.хат 10:13).

Енді сіз Иса Мәсіхті қабылдағаннан кейін мына аяттарды оқып, зерттеңіз:

- Сіздің күнәларыңыз кешірілген (Қолос.хат 1:14).
- Сіз Құдайдың баласы болып аталдыңыз (Жохан1:12).
- Құдайдың Өз балаларына арналған уәделеріне иесіз (Рим. хат 8:16,17).
- Мәңгі өмірге ие болдыңыз (Жохан 3:16).

СЕН МӘҢГІ ӨМІРГЕ ИЕСІҢ

«Құдайдың рухани Ұлымен байланысы бар адам шынайы өмірге ие, ал Онымен байланысы жоқта шынайы өмір де жоқ. Сендер Құдайдың рухани Ұлына сенгендіктен мәңгілік өмірге иесіңдер. Оған сенім артқан сендердің соны білулерің үшін бұларды жазып отырмын» (Жохан. 1-хаты 5:12,13).

Егер сіз шынайы сиынған болсаңыз, онда мәңгілік өмірге ие болғандығыңызға сенімді болыңыз. Бұл — сезімдер емес, ақиқат. Сезімдер тез өзгертіндіктен оларға сене бермеңіз, қайта Киелі кітаптағы Құдайдың уәделеріне сенім артыңыз. Әрқашан күмән келген кезде, жоғарыда келтірілген Жохан. 1–хаты 5:12,13 үнемі есіңізде болсын. Сол сәтте сіз еш күмәнсіз, сеніммен: «мен Иса Мәсіхті қабылдағандықтан, Оның Сөзі бойынша мәңгі өмірге иемін», — деп айта аласыз.

ҚАЛАЙ СІЗ МӘСІХШІ РЕТІНДЕ ӨМІР СҮРЕ АЛАСЫЗ

Енді сіз мәсіхші болып, Құдай жолына түскеннен кейін, қалай Құдайға жақын болып, рухани өсу туралы көбірек білгіңіз келетін шығар. Киелі кітап бізді «Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің рақымына кенеліп, Оны жақынырақ танып білуде өсе беруге» шақырады (Петір. 2-хаты 3:18).

Мұнда жас мәсіхшіге рухани өсуге көмектесетін бірнеше қадамдар берілген:

КИЕЛІ КІТАПТЫ КҮНДЕЛІКТІ ОҚЫҢЫЗ

Киелі кітап Құдай Рухынын жетелеуімен жазылған. Ол бізге кешірілу мен мәңгілік өмір туралы Ізгі хабарды айтып қана қоймай, Құдайға ұнамды өмір сүру үшін көптеген сұрақтарымызға жауап бере алады. Сіз «осылай Құдайдың адамы барша игі іске дайындалып, толықтай даяр болмақсыз» (Тімете 2–хат 3:17).

Киелі кітапты негізделіп оқуды бастамас бұрын қолдануға бірнеше ақыл–кеңестер:

1. Жаңа Өсиеттің кітаптарын мына ретпен оқыңыз:
 - Алдымен Жохан жазған Ізгі хабарды күніне бір тараудан оқыңыз. Бұл Інжілдің негізгі шындықтарын түсінуге көмектеседі.
 - Содан кейін Елшілердің істеріндегі Исаның алғашқы шәкірттерінің Оның өліп, тірілгені туралы Ізгі хабарды қалай таратқаны жайлы қызықты оқиғаны оқыңыз.
 - Сосын Мәсіхтің елшілерінің сенім жолына жаңа түскен алғашқы сенушілерге арнап, жазған хаттарын оқыңыз. Бұлар Жақыптың хатынан бастап Еврейлерге арналған хаттар болып келеді.
 - Осыларды оқып бітірген соң, Матай, Марқа және Лұқа жазған үш Ізгі хабардың біреуін оқыңыз.
2. Не оқығаныңызды ой елегінен өткізіп, зерттеңіз. Киелі кітапты терең зерттеуге керекті оқу құралын ұсынуын Бағушыңыздан немесе рухани жетілген мәсіхші досыңыздан сұраңыз. Киелі кітап бізге Құдайды ашып көрсетеді, сондай-ақ ол осы әлемдегі барлық кітаптарды бірге алғанда салыстыруға келмейтін таңқаларлық даналыққа толы.

3. Забур жырларын толық оқып шығыңыз (бұл Көне Өсиеттегі табыну кітабы), сол арқылы өзіңіздің Құдайға адалдығыңызды дамытасыз.
4. Даналыққа кенеліп, ой–санаңызды жетілдіру және басқа адамдармен қарым–қатынасыңызды нығайту үшін Нақыл сөздер кітабын оқыңыз.
5. Дұрыс түсінікке кенелу үшін сиыныңыз. Киелі Рух көмектесетін болады (Забур.жыр 119:18) әрі сіз өмірге Құдай тұрғысынан қарай бастайсыз.
6. Неге үйренгеніңізді басқа адамдармен бөлісу үшін әр мүмкіндікті пайдаланыңыз.

КҮНДЕ МІНАЖАТ ЕТІҢІЗ

Құдаймен жие сөйлесіңіз. Оған өз мәселелеріңіз туралы айтыңыз. Оның сіздің ауыртпалықтарыңызды алуына мүмкіндік беріңіз (Матай 11:28; Петір 1-хаты 5:7 қараңыз).

Құдайды Ол Кім болғандығына және сіз үшін істегеніне ризашылық білдіріп, Оны мадақтаңыз. Өзіңіздің дәрменсіздігіңізді мойындаңыз. Өзіңізге мәлім әрбір күнәңізді мойындаңыз. Адамдардың Иса Мәсіхті Құтқарушы әрі Тәңір деп қабылдауы үшін мінажат етіп тұрыңыз.

Сіздің күнделікті өткізетін арнайы уақыттыңыз үшін беретін кеңесіміз:

- Нақты бір уақытты белгілеңіз. Сіздің миыңыз сергек те тың болатын таңғы мезгіл қолайлы уақыт болар еді. Бұл сіздің әдетіңізге айналсын.
- Құдаймен жеке кездесу өткізу үшін, тыныш жерді таңдап алыңыз.
- Өзіңіздің және басқа адамдардың дұға мұқтаждықтары жазылған қағазды даярлаңыз.
- Киелі кітаптын аяттарын оқып, терең ойланыңыз, сосын біраз уақыт мінажат етіңіз.
- Құдаймен бірге уақыт өткізгеннен кейін, өзіңізді және осы күніңізді Оған сеніп, тапсырыңыз.

КИЕЛІ РУХҚА ТӘУЕЛДІ БОЛУҒА ҮЙРЕНІҢІЗ

Құдай Үшбірлікті тұлға: Құдай Әке, Құдай Ұлы (Иса Мәсіх) және Киелі Рух. Киелі кітап Киелі Рухтың әрбір шынайы Мәсіхке сенушінің бойында өмір сүретіні жайлы айтады (Жохан 14:26 қараңыз).

Киелі Рух сіздің ішіңізде жасағандықтан, Киелі Жазбадағы шындықтарды терең түсінуіңіз үшін сізге көмек беретінін Киелі кітап айтады. «Мен сендерге Әкемнен бір Қамқоршыны жіберемін. Сендерге шындықты білдіретін сол Киелі Рух Әкемнен келіп, Мен туралы куәлік береді» (Жохан 14:26).

Киелі Рух сізді:

- Үйретеді
- Тәлім береді
- Мұқтаж болғаныңызда сізді нығайтады

ҚАУЫМҒА ҮЗБЕЙ БАРЫҢЫЗ

Иса Мәсіхті жеке Құтқарушы әрі Тәңір ретінде қабылдағаннан кейін, сіз Құдаймен ғана емес, қасыңыздағы сенуші мәсіхшілермен де қарым–қатынасты тұрғызуды бастайсыз. Сіздің бұрын қандай да болмасын өмірлік тәжірибеңіз болса да, қауымға бара бастағанда одан да мол тәжірибеге кенелесіз.

- Сіз Киелі кітаптан алынған уағыз бен тәлімдерді тыңдап, рухани өсе бастайсыз.
- Сіз сұрақтар қойып, Киелі кітаптағы аяттарды басқалармен талқылап, пікірлесе аласыз.
- Сіз Құдайдың Кім екендігіне және өзіңіз үшін жасаған істеріне алғысыңызды білдіріп, Құдайға табынуды үйренесіз.
- Табыну уақыттарында басқа мәсіхшілерге қызмет етуге үйреніңіз. Осы арқылы сіз

өзіңізге мәңгілікте де жалғасатын жаңа достарды таба аласыз.

БАСҚАЛАРҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕ БІЛІҢІЗ

Өзіңізді басқаларға қызмет етуге арнағаныңызда, мәсіхшілік өмірдің қуанышын молынан көре аласыз. Бағушыңызбен Мәсіхке қызмет ету және Ол туралы куәлік етудің бар жолдары мен мүмкіншіліктері жайлы сөйлесіңіз (Ефес.хат 2:10).

ӨЗ КҮМӘНДАРЫҢЫЗДЫ ЖЕҢУДІ ҮЙРЕНІҢІЗ

«Мен расындада Құдайдың баласы болдым ба?», — деген күмәндар сізге келуі мүмкін, себебі:

- Сіздің мәсіхшілік өміріңізде небір сәтсіздіктер болады.
- Мүмкін сіз өзіңізден мәсіхшіге жараспайтын ойларды табасыз.
- Мойындалмаған күнәлар сізге мазасыздық әкелуі мүмкін.

Сондай кезде есіңізде сақтаңыз: сіз өзіңіз жасаған игі істеріңізбен құтқарыла алмайсыз, тек қана Иса Мәсіхтің сіз үшін жасағаны арқылы құтқарыла аласыз. Осы кітапшаның алғашқы парақтарын қайта қарап шығыңыз. Егер сіз Мәсіхті сеніммен қабылдаған болсаңыз, Құдайдың баласы екеніңізді еске түсіріп, жігерлене аласыз.

БҮГІНГІ КҮНМЕН ӨМІР СҮРУДІ ҮЙРЕНІҢІЗ

Біздің өмірімізге уайым, қайғы, мазасыздыққа өте тез келеді. Біз ертенгі күні болатынды ойлап, уайымдаймыз. Межелі көпірге жетпестен, одан өтіп кетуге әрекеттенеміз.

— Киелі кітап бізге ертенгі күнді уайымдамауды айтады (Матай 6:33,34 қараңыз).

Сондай-ақ Киелі кітап «сіздің күндеріңіз мол байлығыңыз сияқты өніп, көбейеді» деген уәде береді (Заң. қайталау 33:25). Басқаша айтқанда, Құдайдың рақымы әр күннің қиыншылығын қарсы алуға жеткілікті.

АЗАПТАЛУДЫҢ ІШІНДЕГІ ЖАРЫЛҚАУДЫ АЛУДЫ ҮЙРЕНІҢІЗ

Иса Мәсіх өміріңізде болғанда қиыншылықтар, нашар денсаулығыңыз және тағы да басқа ауыртпалықтардың жаңа мәні пайда болады:

- әбіржіп, тұңғұйыққа түсудің орнына, сіз нығайып, мықты бола аласыз
- басқа адамдарға масыл болмай, қайта керісінше жарылқау бола аласыз

Құдайдың билігін, тыныштығын, күшін өміріңізде қолданып, сіз сенімде өсе аласыз.

СЫНАҚТАРДАН ӨТУДІ ҮЙРЕНІҢІЗ

Азғырулар біздің өміріміздің бір бөлігі. Олар, сіз Мәсіхті қабылдамай тұрып та, әлі де кездеседі. Уақыт ара дұрыс емес ойлардың болып тұруы күнә емес. Алайда үнемі осындай оймен өмір сүруді таңдау күнә болып саналады.

Киелі кітап: «Азғырылмау үшін сергек болып, сиынып мінажат етіндер! Рух дайын болғанмен тән осал» — деп айтады (Матай 26:41). Иса шөл далада сынақтан өткен кезде, Ол шайтанға Киелі жазбадан жауап қайтарды. Үш рет Ол “жазылған” деп айтты (Матай 4:4,7,10). Сынақтарға сиыну және Құдай Сөзін білу арқылы қарсы тұруға дайын болыңыз.

Киелі кітап: «сендер әлі күнге дейін қатты сыналған жоқсындар, еліктерген жағдайлар әдетте адамдардың бастарына түсіп жүргендегідей ғана болып келді. Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік, Ол төзімдеріңнен артық сынауларыңа жол бермейді. Еліктірілген кездерінде соған шыдауға күш қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді» — деп айтады (Қорынт.1-хат10:13). «Күшті» азғырулар келген кезде «қашып құтқарылу» (Тімете 1-хат 6:11) немесе «қарсы тұру» (Жақып. хаты 4:7) Құдайдың бізге берген артықшылығы, соны қолдануға дайын бол.

БАСҚАЛАРҒА МӘСІХ ТУРАЛЫ АЙТЫҢЫЗ

Жаныңызда жүрген адамдарға өзіңіздің Мәсіхтегі жаңа өміріңіз туралы (ісіңіз және сөзіңіз арқылы) көрсетіңіз. Сіздің басыңыздан өткендер арқылы мүмкін бір адам жігер алатын шығар. Елші Пауыл бізді: «Қайта, жүректеріңнен Мәсіхке қасиетті Иеміз деп ерекше орын беріңдер. Іштеріңдегі үмітті түсіндіруді сұраған кез келген адамға жауап беруге әрдайым дайын болыңдар. Тек ілтипат, құрмет танытып сөйлеңдер» — деп жігерлендіреді (Петір 1–хаты 3:15). («МӘСІХ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ КУӘЛІК ЕТУ КЕРЕК» деген тақырыпты келесі беттен қараңыз).

МӘСІХШІЛІК ӨМІР СҮРУ ҮШІН КӨМЕК

Мұнда сіз үшін Киелі кітапты зертеуге курсар берілген. Мына мекен–жайға хат жазыңыз: Billy Graham Evangelistic Association, Attention: Christian Guidance Department, P.O. BOX 779, Minneapolis, Minnesota 55440-0779.

МӘСІХ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ КУӘЛІК ЕТУ КЕРЕК

Өз өміріңізде Мәсіхтің жұмысын мойындағандықтан, сізде қасыңызда жүрген адамдарға Мәсіх және Оның жұмысы туралы айтуға тілек пайда болады. Бұл Киелі Рух сізді жетелеп, сіз Киелі Жазба аяттарымен бөлісуге дайын болсаңыз әлдеқайда оңай болады. Құдай Сөзі адамның жүрегіне мәңгілік өмірдің жемістерін алып келетін егілген тұқым сияқты (Жохан 4:36). Мұнда сізге Құдай Сөзінің «тұқымын себуге» көмектесетін бірнеше кеңестер бар:

1. Келесі беттердегі Киелі кітап аяттарымен танысып алыңыз. Осы аяттарды керек кезде нақты айту үшін есіңізде сақтаңыз.
2. Киелі кітапты күнделікті оқу барысында куәлік айтуда қолданатын жаңа аяттарды белгілеп қойыңыз. Мүмкіндігінше көбірек аяттарды есте сақтауға тырысыңыз.
3. Мәсіх туралы бөліскіңіз келген адам үшін сиыныңыз. Сол адаммен даналықпен сөйлесуге мүмкіндік беруін Құдайдан сеніммен сұраңыз.
4. Достарыңызбен бірге уақыт өткізіңіз. Олардың сенімдерін ісіңізбен жаулап алыңыз. Егер олар сіздің шынайы қамқорлығыңызды көрсе, Ізгі хабармен бөліскен кезде, мұқият тыңдағысы келеді.
5. Мәсіх туралы әр әңгімеде бөлісуге мүмкіндік болсын мінажат етіңіз. Мысал ретінде: «Сіз өлгеннен кейін, сізбен не болады?» немесе «мәсіхші болған адам туралы сіздің пікіріңіз қандай?» — деп сұрай аласыз. Олардың жауаптарын тыңдаған соң, «ал менің неге сенетінімді тыңдаңыз» деп бастаңыз. Өз жауабыңызда Киелі кітап аяттарын, әсіресе осы кітапшада берілген аяттарды қолданыңыз.
6. Достарыңызды қауымның кездесуіне шақырып, соңынан уағызды талқылаңыздар.
7. Өз үйіңізде Киелі кітапты зерттейтін кіші топ ашып, оған өзіңіздің сенбеуші достарыңызды шақырыңыз. Апта сайын Жохан жазған Ізгі хабардың ішінен бір тарауды оқуларыңызға болады. Сұрақ қойып, пікірлесу үшін де арнайы уақыт қалдырыңыз. Киелі Рухтың Жазба арқылы адамдарға сөйлеуіне мүмкіншілік беріңіз.

Басқа адамдарға мәсіхші болудың Иса Мәсіхпен жеке тығыз қарым–қатынаста болу екенін нақты білдіруге тырысыңыз. Сіз мәсіхші діншілдігіңізбен, игі істер жасау немесе қауымға баруыңызбен емес, тек қана Иса Мәсіхті қабылдап, Оған жеке Құтқарушы әрі Тәңір ретінде сенім арту арқылы ғана бола аласыз. Кешірімді іздеген адамдар мына нәрселерге дайын болуы керек:

- Кешірімге мұқтаж күнәкар екенін мойындау
- Күнәдан бас тарту
- Иса Мәсіх оларды күнәкар өмірден және Құдайдан мәңгі ажыраудан құтқару үшін

өлімге барғандығына сену

— Иса Мәсіхті өзінің жеке Тәңірі әрі Құтқарушысы деп қабылдап, өз өмірін Оған тапсыру. Олардың жауап қайтаруына мүмкіндік беріңіз. Сіз олардан бұлай сұрау аласыз:

— Сіз бұрын өміріңізге Иса Мәсіхті Тәңірім әрі Құтқарушым деп қабылдадыңыз ба?

— Сіз дәл қазір Оны қабылдауға дайынсыз ба ?

Алдын осы кітапшада берілген Аян 3:20 және Жохан 1:12 аяттарын талқылап, мынаған назарларын аударыңыз:

— Мәсіх сіздің жүрегіңіздің есігін қағып тұр

— Егер сіз шақырсаңыз, Мәсіх кіреді

— Мәсіхті Тәңірім деп қабылдаған кезде, сіз Құдайдың баласы боласыз

Сол адамды мына мінажатты қайталауына жетелеңіз:

Қымбатты Әке,

Мен күнәкар екенімді білемін және Сенің кешіріміңе мұқтажбын. Мен Мәсіхтің менің күнәларым үшін құн төлеп, өлгеніне сенемін. Мен жасаған күнәларымнан бас тартамын. Қазір мен Иса Мәсіхті өз өміріме және жүрегіме Құтқарушы ретінде кіруге шақырамын. Мен Мәсіхке өмірімнің Тәңірі деп мойынсұнып, соңынан еруді қалаймын. Әмин.

Сенушілер Құдай Сөзінде айтылған құтқарылуға нық сенімді бола алатынын хабарлаңыз.

Оған Киелі кітапты зерттеуге курс алуы үшін біздің мекен-жайға хат жазуын ұсыныңыз:

Billy Graham Evangelistic Association, Attention: Christian Guidance Department, P.O. BOX 779, Minneapolis, Minnesota 55440-0779.

КӨМЕКKE МҰҚТАЖ КЕЗДЕ

Жігерге мұқтаждығыңызда

Забур жыр 138:3

Ефес.хат 6:10-13

Қауыпты жағдайда

Забур жыр. 91,

Забур жыр. 121

Құтқарылғаныңызға күмәнданғанда

Жохан 3:16, Жохан 1-хаты 5:11-13

Сенімді сақтауға Құдайдың күшіне

күмәнданғада

2/15/17

Петір.1-хаты 1:5

Қаражат мұқтаждығында

Забур. жыр 34:10

Філіп.хат 4:19

Кешірімге мұқтаж болғанда

Евр.хат 4:15-16, Жохан 1-хаты 1:19

Жетелеуді іздегенде

Накыл сөздер 3:5,6

Жақып 1:5

Жалғыздық пен тұғырыққа

тірелгенде

Забур жыр 23, Евр.хат 13:5

Шыдамдылық сынақтан

мәселелер мазаласа

Забур жыр 55:22

Петір.1-хаты 5:7

Тыншу керек болса

Матай 11:28-30

Ғалат 6:9

Менмендік қалаулармен

күрескенде

Філіп.хат 4:8

Філіп.хат 1:6

1 Жохан

Қиналған кезде

Рим.хат 8:26-28

Қорынт. 2-хат 1:3-5

Құдайдың үлгілеріне сай

болуға мұқтаждық

Матай 5:48, Матай 22:36-40

Азап шеккенде

Забур жыр. 34:19

Қорынт.2-хат 4:17

Азғыру келгенде

Қорынт.1-хат 10:13

Жақып.хаты 1:2-4; 12-15

Өмірінде **әділетсіздік** болғанда

өткенде Петір.1-хаты 2:19-23
Рим.хат 8:28-29, Жақып.хаты 1:2-4 Петір.1-хаты 4:12-15
Стресс болғанда **тыныштықты** Әлсіз және дәрменсіз сезінгенде
Іздеу Қорынт.2-хат 12:9-10
Жохан 14:27, 16:33 Філіп.хат 4:13
Құнәкар тәкаппарлыққа толғанда
Қорынт. 1-хат 4:7
Філіп.хат 2:3-8